

**Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылық және мелиоративтік техниканың есебін жүргізу, оны мемлекеттік тіркеу және техникалық жай-күйін тексеру мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 30 шілде N 846

"Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі Z960029\_ Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) <\*>

Ескерту. 1)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.10.07. N 1096 қаулысымен. P021096\_

2) <\*>

Ескерту. 2)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.10.11. N 1116 қаулысымен. P021116\_

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мыналарды әзірлесін және бекітсін:

1) Доңғалақты тракторларды, соған қоса олардың базасында жасалған өзі жүретін шассилер мен механизмдерді, сондай-ақ доңғалақты тракторлар құрамында жүруге арналған тіркемелерді мемлекеттік тіркеу және олардың техникалық жай-күйіне тексеру жүргізу ережесі;

2) Тракторлардың, өзі жүретін ауыл шаруашылық және мелиоративтік

машиналардың есебін алу әрі техникалық жай-күйіне тексеру жүргізу ережесі.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК